

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қазандағы N 1592 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 наурыздағы N 201 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 143 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.03.2015 № 143 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Алкоголь өніміне ең төменгі бағалар белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қазандағы N 1592 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 49, 475-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақта "Мемлекеттік кіріс министрлігіне" деген сөздер "Қаржы министрлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;
көрсетілген қаулыға қосымшада:

2-бағандағы "258" деген сандар "357" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі